

Бекітемін:
Колледж директоры Р.А.Жумаксанов



Жатақхана туралы ақпарат

Колледж жатақханасы білім алушылардың жаңа талап-тәрбиеге жылдам бейімделуіне жағдай жасайды. Жатақханада тұратын студенттердің оқуға дайындалуына, демалуына, шығармашылықпен айналысуына мүмкіндіктері бар. 36 студентке арналған 11 жайлы бөлме (2,3,4 орындық) қажетті жиһазбен қамтамасыз етілген. Жалпы ауданы-358,1 кв. «Абай колледжі» КММ-сі жатақханасында 2022-2023 оқу жылында 27 студент тұрады. Оның 8 қыз бала, 19 ұл бала. Жатақханада білім алушылар үшін барлық жағдайлар жасалған, атап айтсақ:

- тәрбиеші бөлмесі;
- Эстетикалық талапқа сай жабдықталған демалу бөлмесі, бұл жерде сабақтан тыс уақытта теледидар қарауға, көркем әдеби кітаптар оқуға, үстел ойындарын ойнауға болады, әр түрлі мәдени іс-шаралар өткізуге болады және жатақхана жиналысы өткізіліп тұрады;
- 1 гигиена бөлмесі;
- Мед. қабылдау бөлмелері бар.
- Кір жуу:
- Ас бөлмесі
- Әр бөлмеге электроплиталар, су жылытқыштар орнатылған;
- жеке бөлмелерге тоңазытқыштар қойылған ;

Жатақханада тұратын білім алушылардың құқығы мен міндеттері, бөлмелерді беру, бөлмелерге орналастыру, жатақханаға кіріп-шығу тәртіптері қарастырылған, жатақхана тұрғындарының қауіпсіздігі үшін білім алушыларға арналған ішкі тәртіп ережесі бекітілген. Техникалық қауіпсіздік бойынша ақыл-кеңес беріліп, «Техникалық қауіпсіздік журналы» толтырылып отырады. 1 мен 2 қабатта өрт сөндіру құрылғылары, қабырға ақпараттары мен эвакуация жоспарлары бар.

Колледж әкімшілігі мен жатақхана қызметкерлері ішкі тәртіп ережелерін түсіндіру жұмыстарын үнемі өткізіп тұрады. «Жатақхана туралы ереже» бойынша ең бірінші жетімдерге, ата-анасының қамқорынсыз қалған білім алушыларға, мүгедектерге, көп балалы отбасынан шыққан және аз қамтылған білім алушыларға орын беріледі.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығы негізінде:

Конкурстық комиссия жатақханада орын бөлуді осы Қағиданың қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша білім алушының жазбаша өтініші, оның мәртебесін растайтын тиісті құжаттарды

1. қоса беру арқылы жүзеге асырады.
2. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:
 - 1) осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұйым басшысының атына жатақханадан орын беру туралы өтініш;
3. 2) отбасы болған жағдайда, отбасының құрамы туралы анықтама;
4. 3) ата-анасының (ата-аналарының) қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі (жетім балалар үшін);
5. 4) отбасында 4 немесе одан да көп баланың болуы туралы анықтама (көпбалалы отбасылардан шыққан балалар үшін);
6. 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 1 сәуірдегі № 142-І бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9377 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша мүгедектігін растау туралы анықтама;
7. 6) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алу үшін құқықты растау туралы анықтама немесе жан басына шаққандағы орташа табысы күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балалар үшін атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жоқтығы туралы анықтама;
8. 7) жеке басын куәландыратын құжат (салыстыру үшін).
9. Құжаттардың қабылданғанын растау құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, сондай-ақ мөртаңба, кіріс нөмірі және күні көрсетіле отырып, қолхат беру болып табылады.

Жатақхана тұрғындарына қызмет көрсету деңгейі барлық талаптарға сай. Колледж білім алушылары жарық әрі жылы бөлмелерде тұрады. Оқытушылар, тәрбиешілер, психолог білім алушылармен үнемі әңгімелесу арқылы жеке кеңестер береді.